

*Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды,  
өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*

**Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік  
ағымдағы шот**

1. Банктік шот ашуға өтініш (бланкті Банк береді);
  2. Қолтаңбалардың үлгілері бар құжат, 2 (екі) дана (бланкті Банк береді);
  3. Дипломатиялық және консулдық өкілдіктің тіркелуін растау туралы нота;
  4. Қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге арналған Клиенттің құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;
  5. Клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жасау кезінде, қолтаңбалардың үлгілері бар құжатқа сәйкес, төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаға (тұлғаларға) бірінші/екінші қол қою құқығын беру туралы сенімхат.
- Салық төлеуші ретінде тіркеуден өту дерегін растайтын уәкілетті орган берген құжат.

**Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді  
зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл  
туралы» заңы аясында Клиентті тиісті тексеруге  
қажетті құжаттар тізімі**

1. Клиент - заңды тұлғаның сауалнамасы (бланкті Банк береді).
2. Лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) Клиенттің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға, оның ішінде Клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға арналған құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар (Клиенттің уәкілетті органының бірінші басшыны лауазымға тағайындау туралы шешімі, Клиенттің уәкілетті тұлғасының бас бухгалтер лауазымына тағайындау туралы бұйрығы (екінші қолы болған кезде));
3. Егер Клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе, онда қосымша келесілер сұратылады:  
Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;  
Клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде Клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттар.  
егер басқасы Қазақстан Республикасы тарапынан ратификациялаған халықаралық келісімдерде қарастырылмаса, бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағына кіру және болу құқығы Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарда тіркелгенін куәландырылатын құжат.